

Мұнай өнеркәсібі қазақ ғылыми-зерттеу және жобалау институтының (Қазмұнай ҒЗЖИ) Атырау филиалы жанынан техника қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 14 сәуір N 298. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.07.28. N 1154 қаулысымен. ~P001154

Мұнай-газ өнеркәсібінде жұмыстың қауіпсіздігі мәселелерімен айналысатын жалпыодақтық институттардан таратылуына және республика аумағында мұнай-газ өнеркәсібінде жұмыстың қауіпсіздігі проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер мен сарап жүргізу, апатқа және жарақатқа жол бермеу жөнінде басқа да алдын алу шараларын жүзеге асыру қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігінің мұнай өнеркәсібі Қазақ ғылыми-зерттеу және жобалау институтының (Қазмұнай ҒЗЖИ) Атырау филиалы жанынан мұнай-газ өнеркәсібінде, мұнай мен газ геологиясында техника қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы құрылсын.

Ғылыми-зерттеу орталығының тұрақты орны Атырау қаласында болады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетіне ғылыми-зерттеу орталығының қызметіне әдістемелік және шұғыл басшылық жасау, осы орталықтың жұмысын реттеп отыратын Ереже мен құрылымды, басқа да нормативті құжаттарды әзірлеу мен келісу жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі, Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті үш ай мерзімде аталған ғылыми-зерттеу орталығының Ережесі мен құрылымын әзірлеп, бекітетін болсын.

4. Мұнай-газ өнеркәсібіндегі мұнай газ геологиясындағы жұмыстың қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы қызметінің мынадай негізгі бағыттары белгіленсін:

техникалық құжаттамаға мемлекеттік сарап жүргізу, жаңадан әзірленген және жаңғыртылған мұнай-газ кәсіпшілігі, мұнай-газ ұқсатушы және бұрғылау

жабдықтарының, мұнай, газ, өнім магистральды объектілерінің, электр жабдықтары мен бақылау-өлшеу приборларының мемлекеттік стандарттарға, қауіпсіздіктің нормалары мен талаптарына сәйкес келуінің шарттарына сүйене отырып, сынау және сертификаттау;

скважиналар құрылысының қазіргі әдістері мен тәсілдерін жетілдіру және жаңаларын жасау, колоннааралық көріністермен, аномалиялық қалың қыртыс қысымымен күрес, скважиналарды бекіту, қопару жұмыстарын жүргізу, апатқа қарсы жұмсалатын құралдар, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін приборлар;

мұнай-газ өңдейтін, мұнай-газ ұқсататын, мұнай мен газ, геологиялық кәсіпорындарының объектілерін салу мен жаңғыртудың еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі жобалық құжаттамасына мақсатты сарап жүргізу;

корпорациялармен, компаниялармен, концерндермен, бірлестіктермен, кәсіпорындармен бірлесіп техника қауіпсіздігі жөніндегі ережелерді және басқа нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу, сондай-ақ мұнай-газ кәсіпшілігі, мұнай-газ ұқсатушы, бұрғылау жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі қорытындыларды келісу мен беріп отыру және магистральды мұнай, газ, өнім құбырларын пайдалану;

техника қауіпсіздігі жөніндегі жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге қатысу.

5. Ғылыми-зерттеу орталығы мұнай-газ және мұнай-химия өнеркәсібі орындарымен тікелей шарттар бойынша шаруашылық негізде, ал келешектегі және ұзақ мерзімді сипаты бар ғылыми-зерттеулер - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігінің мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібі орындарының, мұнай мен газ геологиясының мақсатты ғылыми зерттеулерге аударатын қаржысы есебінен құралатын орталықтандырылған қорынан қаржыландырылсын .

Мемлекеттік корпорациялар, компаниялар, концерндер, бірлестіктер, кәсіпорындар осы мақсатқа қаржы бөлуді көздейтін болсын.

6. Ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу "Қазақ КСР-індегі кәсіпорындар туралы" Қазақ КСР Заңына сәйкес, келісім шарт және шаруашылық есеп негізінде белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, мемлекеттік корпорациялар, компаниялар, концерндер және мұнай-газ өнеркәсібі, мұнай мен газ геологиясы кәсіпорындары ғылыми-зерттеу орталығының

ғылыми-техникалық және эксперименттік база жасауына, кадрларды жасақтауына жәрдем көрсететін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК